

"Шағын кәсіпкерлік жөніндегі республикалық ақпараттық-көрме орталығы" жабық акционерлік қоғамын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 17 қазан N 1543

"Шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 1999-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі 2000 жылға арналған негізгі іс-шараларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 20 маусымдағы N 923 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді :

1. "Шағын кәсіпкерлік жөніндегі республикалық ақпараттық-көрме орталығы" (бұдан әрі - РАКО) жабық акционерлік қоғамы оның жарғылық капиталына даму институттары жүйесінің қалыптасуына негізделген мемлекеттің 100 пайыздық қ а т ы с у ы м е н к ұ р ы л с ы н . < * >

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.11.15. N 1201 қ а у л ы с ы м е н .

2. РАКО қызметінің негізгі нысанасы: шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеуге ж ә н е і с к е а с ы р у ғ а қ а т ы с у ;

шағын кәсіпкерлік проблемалары бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу;
шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін ақпарат желісін құру және дамыту;
к ө р м е л е р ұ й ы м д а с т ы р у ;

шағын кәсіпкерлікті қолдаудың инфрақұрылымын (технопарктерді, бизнес-инкубаторларды, оқу орталықтары мен инфрақұрылымның басқа да о б ь е к т і л е р і н) д а м ы т у ;

шағын кәсіпкерлік саласында жұмыс істейтін адамдарды оқытуды ұйымдастыру б о л ы п а й қ ы н д а л с ы н .

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі РАКО-ның жарғылық капиталын 2000 жылға арналған республикалық бюджетте "Қазақстан Республикасындағы шағын бизнестің мемлекеттік бағдарламасы" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен қалыптастыру үшін 100 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде сома бөлсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

РАКО-ның Жарғысын бекітсін және мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;
мемлекеттік тіркеуден кейін РАКО акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқықтарын Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда

министрлігіне берсін. < * >

Ескерту. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.09.12. N 996 қаулысымен .

5. Астана қаласының әкімі белгіленген тәртіппен РАҚО-ны орналастыру үшін қажетті үй - жай бөлсін.

6. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі осы қаулыны іске асыру үшін қажетті шаралар қолдансын. < * >

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.09.12. N 996 қаулысымен.

7. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Шағын кәсіпкерліктің республикалық ақпараттық-көрме орталығын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 14 наурыздағы N 325 қаулысы ;

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 14 наурыздағы N 325 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 1 шілдедегі N 1039 қаулысы .

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары А.С. Павловқа жүктелсін.

9. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі